

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне

**Автордың аты жөні және лауазымы:** Капарова Салтанат Сайлаухановна «Алакөл ауданы Үшарал қалалық округінің әкімінің аппараты» жетекші маман-есепші

**Күні:** 14.10.2024ж

### **Аналитикалық жазба**

**Тақырыбы:** Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстық әрекеттер

**Кілт сөздер:** Құқықбұзушылық, қылмыс, түзеу, тәрбие.

**Кіріспе:** Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе-құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар ата-анасының және басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі.

**Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстық әрекеттер.** Президентіміз өзінің Қазақстан халқына жасаған жолдауында жасөспірімдер арасындағы қылмыс мәселесінің осуіне басты назар аудару қажеттігін және оны төмендету шараларын қарастыру керектігін атап көрсетті. Оның іске асыру мемлекеттің ішкі саясатының маңызды бағытына жатады. Бұл жұмысты ІІБ күшімен ғана табысты жүргізу мүмкін емес, ол үшін басқа да мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік емес ұйымдар және БАҚ белсенді түрде тартылуы керек. Соңғы он жылда жасөспірімдердің құқықбұзушылық іс-әрекетке қатысуы шектелді. Мысалы, соңғы бірнеше жылда құқықбұзушылықтың төмендеуі байқалады, себебі аймақ бойынша жағдай тұрақты. 2020 жылда жасөспірімдердің қатысуымен 140 қылмыс жасалады. 12 мен 18 жастағы 227 жасөспірім. Оның ішінде 126 мектеп оқушылары. 2021 жылы жасөспірімдердің қатысуымен 113 қылмыс жасалады, оның ішінде 129 жасөспірім, 79 мектеп оқушылары. 20 жылы 73 қылмыс, оның ішінде 121 жасөспірім, 81 мектеп оқушылары. 2023 жылы жасөспірімдердің қатысуымен 143 қылмыс жасалған.

Жасөспірімдердің қатысуымен жасалған қылмысты талқылағанда, оның 64,7 % сабақтан тыс және кешкі уақытта болатын көрсетті. Талдықорғанда жалпы қылмыс деңгейі 14 пайызға азайғанымен, жасөспірімдер арасында бұзақылық көбейген. Жыл басынан бері кәмелетке толмағандарға қатысты 12 іс сотқа жөнелтіліп, үкім шыққан. Ал қазан айының 10 күнінде тағы 4 қылмыстық іс қозғалған. Арасында топтасып төбелесу, ақша немесе ұялы телефон бопсалау және есірткі заттарды жасыру сияқты ауыр қылмыстар бар. Басым бөлігі мектеп оқушылары мен колледж студенттері. Мәселе өзекті болғандықтан қалалық прокуратура кешенді бағдарлама әзірлеп, жасөспірімдерге

қатысты құзырлы органдармен жиын өткізді. Қылмыстың алдын алу жолдары қарастырылып, ұсыныстар айтылды.[1] Бұдан былай кәмелетке толмағандар арасында қылмыс немесе теріс қылықтар тіркелсе, ата-анасынан бөлек басқа да қатысы бар тұлғалар жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Қазіргі уақытта ойын – сауық орындарында жасөспірімдер жасаған құқықбұзушылық әрекеттердің өсуіне байланысты Заң қабылдауды қажет етеді. Ойын-сауық орындарында қолданылатын және таратылатын алкогольді ішімдіктерге, есірткі және психотроптық заттарға жасөспірімдерді тарту алаңдаушылық туғызады. Осыған байланысты, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және балалардың қараусыз қалуын алдын алуға бағытталған кешенді құқықтық шаралар Заңмен қарастырылған:

1) Түнгі уақытта ойын-сауық ұйымдарға жасөспірімдердің баруына шектеу енгізу (сағат 22.00 ден 06.00 дейін)

2) Ойын-сауық орнына жасөспірімдерді кіргізген ойын-сауық орындарының қызметкерлерінің әкімшілік жауапкершілікке тарту.

3) Жасөспірімдердің ойын-сауық орындарында болғаны үшін ата-аналарды әкімшілік жауапкершілікке тарту.

Жасөспірімдер қылмысының құрылымында қылмыстың келесі түрлері бойынша томендеу байқалады: біреудің мүлігін ұрлау 23 %, талан- тараж 16,6 %, алаяқтық 25%. Сонымен қатар тәжірибе көрсеткендей аса ауыр қылмыс бойынша бұзақылық 28,5 %, суық қаруды заңсыз ұстағаны үшін 400 %, автокөлікті ұрлау 200%, ЖКА 100 %.

Қылмыс –бұл әлеуметтік қастық, жасөспірімдер қылмысы - мың есе үлкен қастық. Ересек адамдармен салыстырғанда жасөспірімдердің сотталуы аз болса да, мұндай қылмысқа күлуге болмайды. Қылмыстық жазалауға басты идея: жасөспірім құқықбұзушыны тәрбиелеу және түзеу. Бірақ оның тәрбиелік – еңбек колониясынан ол қандай болып шығатынын, дұрыс жолға түсетінін кім біледі. [2]

Жасөспірім кезеңі – балалық шақтан ересектікке өткір өтетін, үнемі қиын, критикалық қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі периоды. Л. Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылады. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі болып, өзіндік рефлексиясының күштілігі табылады.[3] Н. Кречмер мен Конорада осыған байланысты жеткіншектерді циклоидқа, ал жасөспірімдерді шизоидқа жатқызады. Жасөспірімнің мінез-құлқы ең алдымен жағдайды моральдылық қарастырумен. Баланың әлемінің ересекке ауысуында. Жасөспірім толығымен алдыңғысына да соңғысына да жатпайды. Бұл

ең негізгі қоғам жағдайы мен психикасынан көрінеді. Ашушаң, ұялшақ, ішкі қарама-қайшылықтар. Бұл қысым мен қақтығыс көп болған сайын балалық пен ересектік шекарасының әртүрлі айырмашылықтарына байланысты ойыстай бастайды.

Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері мінез-құлық модельдерін анықтайды. Кіші жасөспірімдік кезеңде балаларға тән мінез-құлықтың жағдайлық бұзылуы кездеседі. Балаларға тән мінез-құлық формаларына гиперкомпенсация, компенсация, имитация, протест, қайтару реакциялары жатады. жасөспірімдік мінез-құлық формалары: қызығу, топтасу, эмансипация реакциялары, сонымен қатар суицидті мінез-құлық, транзиторлы сексуалды девиация, қаңғыбастық. Адам өмірінде өзгермелі кезеңдері болады. Соның бірі, ең бастысы мен ауыр болып келетіні – ересектік кезеңі. Бұл уақытта адам 13-17 жаста аралығында болады, бала емес, бірақ әлі ересек адам болмайды. М. И. Еникеев сипаттамасы бойынша жасөспірімге заңды бұзған көптеген қылмысты артуға болады. Олар, сабақтан қашу, бармаудан бастап - адам өліміне дейінгі қылмыстар. Жасөспірімдердің арасында қылмыстың көптеп таралуы зерттеушілердің көңілін алаңдатып отыр. Бұл қылмыстың таралуының себептерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жұмысын жүргізуге итермеледі.

Төменгі экономикалық-қоғамдық деңгей және кедейшілік әсер етеді. Көбінде қылмысқа, жұмыс және білім алатын жағдайлары жоқ, өз өміріндегі жағдайларға көңілі толмайтындар барады. Сонымен қатар қылмысты жоғарғы өкілдердің (бизнесмен, бай адамдардың) балалары жасайды. Себебі, олар материалды жағдайдан қиыншылық көрмейді. Тек орташа тұратындардың жасөспірім балалары қылмысқа сирек барады. Бай өкілдердің балаларын көбінде айып төлеп босатса, кедей балалардың ата-аналары айып төлеп, шығара алмағандықтан, оларды тұтқынға алып жазалайды. [4]

Байлық, мәдени құндылықтар, өмір стилі:

Қазіргі жасөспірімдердің көбінде автокөлігі, қалталы ақшасы болады. Яғни, осы ақшаға жасөспірім шылым, алкоголь, наркотикалық заттар сатып алуына мүмкіндігі бар. Олардың өмірі біршама белсенді өтеді – кездесулер; ойын-сауық, би кештері; рок-концерттер; достарымен көкке, табиғатқа барады. Бірақ, бұлардың көбі кешке, түнде болып тұрады. Бұл кезде көшеде көп адам кездеспегендіктен, оларды бақылаушылар аз болғандықтан, жеткіншектер бұзақылық жасап, кейде ойын-сауық үшін қылмыс жасауға шейін барады.

Жасөспірімнің жан дүниесі нәзік, сезімтал болып келеді. Үлкендердің айтқан сөздерін, іс-әрекеттерін, бұқаралық ақпарат құралдарынан (теледидар, газет, журналдардан т.б.) көргенінің барлығын тез қабылдап, шындық көреді. Міне, сондықтан да лас ақпарат көздері мен телехабарларда үнемі беріліп отыратын қылмыс хроникасындағы жағымсыз мәлеметтер жастардың нәзік көңіліне, жан дүниесіне қатыгездікпен жүгенсіздік ұрығын себуде. Ақпарат құралдары

қатігез қылмыскердің іс-әрекетінің егжей - тегжейін жазып, жасөспірімдерге сабақ болар десе, кейбір жасөспірімдер, осы қылмысты жасаған қылмыскер қандай сезімде болды екен деп, сол қылмысты қайталайтыны кездесіп жатады. Құрбы-құрдастарының әсері. Жасөспірімдерді заң бұзуға, қылмыс жолына итермелейтін фактордың бірі. Заң бұзу мен есірткі қабылдау кезінде, жасөспірімнің антиқоғамдық тәрбиесімен құрдастарының арасында тығыз байланыс байқалады. Әсер етуші келесі фактор – тұрғылықты специфика әсері. Арнайы территорияларда, белгілі бір аудандарда, қылмыскерлердің деңгейі ерекше жоғары болады. Бірақ сол жерде өскен жасөспірімдердің барлығы қылмыскер болмаса да, бұл жердегі жас балалардың заңды бұзу, қылмыс жасау пайызы басқа аудандарға қарағанда бірнеше есе жоғары болады. Мектептегі үлгерім заң бұзуға, қылмыс жасауға итермелейтін фактордың бірі болып табылады.[5] Данхем және Алперт мектепті тастап кеткен жүз отыз жеті жасөспірімді зерттей келе, мектепті тастаудың он төрт себебін көрсеткен ынтаның болмауы, сынаптастарының кері әсері және ата-анасымен қарым-қатынасының нашарлығы, түсініспеушіліктің болуы, мектептегі жетістіктерінің төмендігі, нашар бағалар, сыныптағы тәртібінің жамандығы, мектеп программасын алып жүре алмауы, мұғалімдермен және ата-анасымен ортақ тіл табыса алмауы - бұның барлығы осындай оқушылардың қылмысқа, заң бұзушылығына итермелейтін факторлар. Бұлар оқушылардың психикасына кері әсер етеді. Осы кезде бұл жасөспірімдерді “тыныштық бұзушылар” болып табылады. Мұғалімдер мен әкімшіліктің кері әсері, жасөспірімнің жаман тәрбиесін әрі қарай шиеленістерге түсіп, жеткіншектің сабақ босатуының жиіленуіне, алкоголь мен есірткінің қабылдауына итермелейді. Қылмыс жасауға итермелейтін себептердің бірі – ажырасқан отбасылардың көптеп кездесуі. Сонымен қатар ата-анасының тәрбиелеу моделі. Мысалы, әке-шешесі бір-бірімен ұрсысып, қарсыласып жүрген отбасынан екі жасөспірім қыз балалар өздерінің агрессивтілігімен және салмақсыздығымен өз құрдастарынан ерекшеленген. Қыздар өз ата-анасының іс-әрекетін қайталаған. Сонымен қатар, қылмыс жасауға тұлғалық факторларда әсер ете ала ма деген сұраққа жауап іздеген. Арнайы жүргізілген зерттеу бойынша қылмыс жасағандар: өздеріне сенімді, құқық қорғау органдарына ұнатпаушылықпен қарау, тез ренжігіштігімен, өзін басқара алмаушылығымен, жаушылық қасиеттерімен ерекшеленген. Алайда, кейбіреулерінде, өзі туралы бағасының төмен болуы, өзін жек көру сияқты қасиеттері кездеседі. Зерттеу нәтижесіндегі себептердің бірі – балалық шағынан бастап қамқорлық, мейірімділіктің жетіспеушілігі. Кей жағдайларда заң бұзушылық іс-әрекетке эмоционалды жағынан сау балалар; тек кері, қате тәрбиеленгендер баратыны да кездеседі. Н. Ф. Кудряцева, В. Е. Эминова еңбектерінде бұл себеп, біз білетіндей әрбір адамда өзіне тән темпераменті болады. Егер бұны ата-анасы қалай жеңуді білмесе,

жөндемесе, жасөспірімдік кезеңде әртүрлі психикалық бұзылыстарға ұшырауы мүмкін.[6]

Қ.Р. Ішкі Істер Министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысы тәртіп сақтау басқармасының насихат бөлімі Шымкент қаласында қылмыстық топтарға қатысушыларға немесе оларға еліктеуші жасөспірімдерге әлеуметтік зерттеулер жүргізген. Зерттеу сауалнама, сұхбат, салыстырмалы талдаулар сияқты тәсілдерді қолданды. Бұл зерттеулердің статистикалық мәнділіктеріне сүйенсек Қазақстанның оңтүстік аймағында заң бұзушы жасөспірімдер 1,5 ұрлықты наркотикалық зат әсерінен істеген. Барлық ұрлықты 2/3 топталып жасалған. Барлық тартылған жас қылмыстың 30,6% бір рет ұрлық жасап жауапқа тартылса, қалғандары, яғни 1/3-і бұрын бірнеше рет қылмыс жасап, жазаларын өтеп үлгергендер болып келеді. Егер бір аптаның ішінде 3-4 ұрлық жасалса, оның 17% жасөспірімдер. Ал, үш айда он ұрлық жасалса, оның 20,7% жасөспірімдер үлесінде. Жасөспірімдерден тұратын қылмыстық топтардың көбеюі барлық Дүние жүзі адамдарын алаңдатуда. Ақпараттар жүйесінде біз жиі-жиі қатаңдықпен жасөспірімдер топтарының адамды өлтіруі туралы оқимыз. Бұл балалардың осы топтарға енуіне бірнеше себептері бар. Мысалы, жолдастарына деген еліктеушілік, қорғаныш іздеумен, гетеросексуалды және ерекше сезімдерді сезіну мақсатында. Статистикалық мағлұматтарға сүйенсек, біздің Қ.Р жасөспірімдер жасаған қылмысы: 2020 жылы - 7,5%; 2021 жылы - 8,3%; 2022 жылы - 8,5%; 2023 - 6. 5%; 2024 - 6. 8%.

Ал Жетісу облысы бойынша бүкіл жасалған қылмыстың 2020 жылы-9,2%; 2021 жылы - 9,9%; 2022 жылы - 10%; 2023 жылы - 6,7%.

Құқық бұзушылықтың алдын алу басты - міндет. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Бұл «Неке және отбасы туралы», «Отбасылық үлгідегі балалар деревнялары және жасөспірімдер үйлері туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы» заңдары, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер және т.б.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей не жанама көздейтін құқықтың қайнар көздерінің осылайша көп

болуы қоғамдық қатынастардың кез келген саласында кәмелетке толмағандар тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесіннің көзделгендігін көрсетеді. Әсіресе бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор. Осыған орай мемлекеттіміз отбасының, соның ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға аса назар аударып отыр. Отбасында тұрақтылық пен береке болмаса, осыған байланысты қоғам тарапынан көмек көрсету әрекеттері сәтсіз болған жағдайда, тіршілік етудің балама орындарын пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет. [1]

**Қорытынды.** Басты байлық балаларымыз. Осы орайда айта кететін бір жағдай, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар, білім басқару мекемелері, ішкі істер органдары, балалар мен жасөспірімдердің жалпы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарға сай келмейтін мінез-құлқы, көп жағдайда есею процесімен байланысты болатындығын және есейген сайын олардың мінез-құлқы өзгеретіндігін, ал жасөспірімдерді тәртіп, құқық бұзушы немесе бастап келе жатқан құқық бұзушы деп анықтау көп жағдайда жастардың бойында тұрақты жағымсыз мінез-құлқы қалыптасуына әкеліп соғатындығын да терең ескерілуі қажет деп ойлаймын. Бірақ үндемегенімізбен «үйдей мәселеден» құтылмасымыз анық. Салт-дәстүріне сергек қарайтын, қаймағы бұзылмаған қазақы өңірдегі мұндай опық жегізер олқылыққа бірінші кезекте отбасы, одан соң сала басшылары кінәлі. Бұл кемшілікке бірлесе отырып тосқауыл қоймасақ ұлттығымызға ұят, сын болады деп есептеймін. Ұрпақ тәрбиесінде енді кешігуге болмайды. Егемендіктің елең-алаңындағыдай емес, қазір ел есін жинады, етегін жапты, ертеңгі күніне сенімділік артты, соңынан ерген жас толқынның жайына тереңірек үңілетін уақыт келді деп ойлаймын. Көздеген мақсатқа жету үшін жұрт болып жиылып, көп болып кеңесіп, жаңа толқынның теріс қадамын түзетіп, бағыт-бағдарын айқындап отыру бүгінгі күннің аса жауапты міндеті. Дана халқымыз айтқандай «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» демекші, жолымыздың дұрыстығын бақылап, жастарымызға дұрыс тәрбие берейік.

**Ұсынымдар.** Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша ұсынымдар: Жасөспірімдер сабақтан тыс өте көп уақыттары бар, сондықтан қазіргі кездегі “дворлық клубтарды” әрі қарай дамыту керек. Спортпен шұғылданып, пайдалы іс- әрекеттермен айналысуға баулу, мәдениет, ойын-сауық, спорт және туризм мекемелерінің, әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған кәмелетке толмағандарды көркемөнер, техникалық, спорт және т.б. үйірме, секцияларында үйренуге тарту, оларды отандық және дүниежүзілік мәдениет құндылықтарына баулу басты бағдарлама болуы тиіс. Оқу орындары, кәмелетке толмағандарға медициналық, кеңестемелік және басқа да көмек көрсететін, атап айтқанда осындай жәрдемге мұқтаж немесе қатыгездік құрбаны болған, ата-анасының мейірімін көрмеген және қудалау мен қанауға душар

болған жасөспірімдерге қолұшын беретін базалық және анықтама орталықтарына ашылуы тиіс. Нормативтік құжаттарда мектепке бару ережесін сақтау қиынға соғатын, сондай-ақ мектепті тастап кететін кәмелетке толмағандарға арнайы көмек көрсетілетіні көзделіп, жастар арасындағы қылмыстың және кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімді жолдарын табуға қатысты, ғылыми-зерттеу жүргізуде білім беру жүйесінің барлық буындарының арасында ынтамақтастық болуын ынталандыруға, сондай-ақ осындай зерттеулердің кең таралуы көзделуге тиіс. Осындай зерттеу нәтижелерінің негізінде білім басқармалары кәмелетке толмағандарға, заңға сәйкес мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелік құралдар әзірлеп, білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесіне енгізу керек деп есептеймін. Сонымен қатар есірткі мен алкогольді пайдаланудың алдын алудағы, бұл заттардың зияны туралы ақпаратты барлық деңгейде таратудағы рөлі мен жауапкершілігі заң жүзінде анықталғаны жөн. Осы мақсатта үйлестіруші орган, балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылығының алдын алу іс шараларын жүзеге асыру кезінде жинақталатын ақпарат, тәжірибе, білім мен мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейде алмасуды жандандыруға тиіс.

#### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. Egem.kz <https://egem.kz/artb/339683> -zhasospiriter - arasyndaгы -qutuh -sebb -en -sadyary
2. Stud.kz <https://stud.kz/referat/show/60641>
3. Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулер дәрігері, профессор жұмыстары
4. Еникеев М. И. «Юридическая психология»
5. Qazaqstan.tv <https://qazaqstan.tv/news/200799/>
- 6 . Кудряцева Н. Ф. , В. Е. Эминова «Криминология»